ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 14 маусым №5265-24-00-2/1398іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Г.Ж.Жолбарыс төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасның шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» мемлекеттік коммуналық кәсіпорын (әрі қарай – «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» МКК)

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Абзал Досалиевич Бектурганов (әрі қарай- ЖК А.Бектурганов)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыппұл өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 147, 223-226, 229 - баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШТІ:

Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасның шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» МКК-ның талап қоюы – қанағаттандырылсын.

ЖК Абзал Досалиевич Бектурганов мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

ЖК Абзал Досалиевич Бектургановтан (ЖСН 970 303 301 115) Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасның шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» МКК-ның пайдасына тұрақсыздық айыппұл 12 500 (он екі мың бес жүз) теңге, мемлекеттік баж салығы 375 (үш жүз жетпіс бес) теңге өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Жолбарыс Г. Ж., 14.06.2024
Заңды күшіне енген күні: 25.07.2024, судья Сейтжанұлы С., 25.07.2024

ЖК Абзал Досалиевич Бектургановтан (ЖСН 970 303 301 115) мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж салығы 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Шымкент қалалық сотының апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья Г.Ж.Жолбарыс

Құжатқа қол қойылған: Жолбарыс Г. Ж., 14.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 25.07.2024, судья Сейтжанұлы С., 25.07.2024

5265-24-3-1/1540